

**Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы,
«Арқалық қаласының білім бөлімі,
А.Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері
бойынша**

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА
қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау
нәтижелері бойынша мемлекеттік органның

Орын: Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы, Арқалық қаласының білім бөлімі, «А.Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

Уақыты: 1.07.2022-1.07.2023

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бекіткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында басшының бұйрығымен «жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау» бұйрығы №1 күні: 26.09.2023 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі-2022 жылғы 1 шілдеден 2023 жылғы 5 маусымға дейін.

1. Талдау жүргізудің мақсаттары мен міндеттері

Талдаудың мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл және жою болып табылады

Талдау міндеті сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың қызметтегі салдарын жою болып табылады.

2. Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 15 тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері:

- 1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;
- 2) талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілік;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған талдау объектісінің қызметі туралы Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;
- 4) талдау объектісіне қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- 5) ішкі бақылау қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
- 6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;

- 7) бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар;
- 8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 9) талдау объектісінің лауазымды адамдарын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық пен заңның басқа да бұзушылықтарын жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөнінде ұсынғаны үшін жауапқа тарту туралы мәліметтер;
- 10) сот органдарының талдау объектісі, қылмыстық істер фабуласы қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне қатысты шешімдері;
- 11) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері;
- 12) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері;
- 13) талдау объектісінің қызметшілеріне, қызметкерлеріне сұрау салу нәтижелері;
- 14) ұсынуға Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

I. нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

1.1. Негізгі функцияларды іске асыру

Нормативтік база:

- Басшылық
- Әкімшілік-ақпараттық қызмет
- Іс-шараны өткізу және ақпараттық-түсіндіру жұмысы
- Мемлекеттік қызмет көрсету бөлімі

Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау: ішкі құжаттар жүргізу қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

II. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алған жоқ.

2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша функцияларды бір бағыт бойынша жүзеге асырады – Архивтік анықтамалар беру (жоғалған аттестат, диплом т.б қалпына келтіру), құжаттарды реттеу.

2.2. Кадр саясаты

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы: Талдау жүргізу кезінде мекеме қызметшілерінің нақты саны 53 адамды құрайды, бос

орындар жоқ. Бұл ретте басшы құрамның саны – 7 адам (басшы, басшы орынбасарлары).

2022 жылдың ІІ жартыжылдығында ауысушылық жоқ.

Бұзылған еңбек шарттары анықталмады.

Аттестаттау: 2022 және 2023 жж аттестаттау бұйрыққа сәйкес өткізілді.

Тәртіптік жазалар анықталған жоқ.

Тәртіптік комиссия бұйрығы-№1 ,

Тәртіптік комиссия отырысының саны-4

Жою бойынша ұсыныстар: жұмыс тобы осындай соттылықтың болуы/болмауы туралы мәліметтерді ұсыну мақсатында органға сұрау салумен жүгінуді ұсынады. Осындай мәліметтерді ұсыну бойынша әрбір қызметкердің жеке істеріне енгізу қажет. Өтелген/өтелмеген соттылық болған жағдайда еңбек шартын бұзуды ұсынамыз.

Сот практикасы:

Мекеме қызметкерлері ҚР қылмыстық кодекстің, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің сыбайлас жемқорлық туралы баптары бойынша қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылған жоқ. Аталған кезеңде мекеме жауапкершілікке тартылған жоқ.

Тәртіптік практика: 2022 жылдың қаңтарынан мамырына дейін қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданылмады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) қызметкерлер бұзған жоқ.

Қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдады.

Еңбек тәртібі бұзылған жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге теріс ақпарат орналастырылған жоқ.

Мүдделер қақтығысы: Мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында мүдделер қақтығысы (мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық) анықталған жоқ.

ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ КӨРСЕТІЛЕДІ (ТІКЕЛЕЙ БАҒЫНЫСТА ЖӘНЕ БАҒЫНБАЙ)

	ТАӘ	Лауазымы	ТУЫСТЫҚ ТҮРІ	ТІКЕЛЕЙ БАҒЫНУ (ИӘ / ЖОҚ)	КІМ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ
1	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ
1					

Қаржы-шаруашылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Жарғыға сәйкес мекеме құзыретіне қаржы-шаруашылық қызметі кірмейді.

2.3. Процестерді цифрландыру. Құжат айналымы

Өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша ақпараттық бұрыш ілінген. Тиісті ақпараттық құжаттармен қамтамасыз етілген.

2.4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

Өтініштер бойынша Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 147 бұйрығымен бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесінің негізінде жүргізіледі. Атқарушылық тәртіпті сақтау, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мәселелері мекеменің тәртіптік комиссия отырыстарында жүйелі түрде қаралады.

Бөлімдердегі осы бағыттар бойынша жұмыс жағдайына талдау жүргізілді, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарауды қамтамасыз ету, бақылауды арттыру, өтініштерді белгіленген мерзімдерді бұза отырып қарауға жол бермеу бойынша шаралар қабылдануда.

2022 жылдың II- жартыжылдығында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңын орындауға байланысты мекеме қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне азаматтардың ауызша және жазбаша өтініштері түскен жоқ. Мекеме басшылығы азаматтарды жеке қабылдауға арналған арнайы сағаттар мен күндер белгіленген, қабылдау кестесі қолжетімді жерде орналастырылған.

2.5. Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету

Мекеме ақпараты Instagram, сайт интернет-ресурстарында орналастырылады.

2.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг нәтижелері

Мекемеде тұрақты негізде түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, сенім телефондары, және мемлекеттің жүргізіліп жатқан және іске асырылып жатқан бағдарламалары туралы хабарлайтын ақпараттық плакаттар бар.

Талдау көрсеткендей мекемеде сенім телефоны, сондай-ақ өтініштерге жауап беруге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттікке мәліметтер беруге жауапты тұлға жоқ.

2.7. Бақылау және рұқсат беру функцияларын іске асыру

Жарғыға сәйкес мекеме құзыретіне рұқсат беру функцияларын іске асыру қызметі кірмейді.

2.8. Сот практикасын талдау

Жарғыға сәйкес мекеме құзыретіне сот практикасын талдау қызметі кірмейді.

Талдау объектісінің (азаматтық-құқықтық сипаттағы) іс жүргізу практикасы көрсетілмейді.

2.9. Қадағалау органдарын тексеру нәтижелері туралы мәліметтер

Жарғыға сәйкес мекеме құзыретіне қадағалау органдарын тексеру қызметі кірмейді

2.10. Фискалдық органдарды тексеру нәтижелері туралы мәліметтер

Жарғыға сәйкес мекеме құзыретіне фискалдық органдарды тексеру қызметі кірмейді

2.11. Құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтардың мәліметтері

Талданып отырған кезеңде мекемеге қатысты мемлекеттік органдар тексеруді жүзеге асырған жоқ.

2.11. БАҚ және өзге де ақпарат көздерінің мониторингі:

Жұмыс тобы мекеме ұжымына жеткізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт әзірленіп, бекітілгенін белгіледі. Мекеменің интернет-ресурсы контентіне жүргізілген талдау нәтижесінде «Ақпаратқа қол жеткізу туралы ҚР заңының 16-бабы талаптарының тиісінше орындалғанын куәландырады. Атап айтқанда сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және болдырмау шаралары туралы жарияланымдар бар.

Қорытынды.

Талданып отырған кезеңде қызметкерлердің лауазымдық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыс жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау бойынша бұзушылықтар жоқ.

Көрсетілген шаралар талданатын мекеменің қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Басшы: Жүсіпбек Ш.Қ



Приложение 4 к Методическим
рекомендациям по проведению
внутреннего анализа
коррупционных рисков
Перечень должностей,
подверженных коррупционным
рискам, определенных по итогам
внутреннего анализа
коррупционных рисков

№	Должность подверженная коррупционным рискам	Должностные полномочия содержащие коррупционные риски	Коррупционный риск
1	Нет	Нет	Нет

Басшы: Жүсіпбек Ш.К

